

## Азаматтық авиация қызметін тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар және "Эйр Қазақстан топ" жабық акционерлік қоғамын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1999 жылғы 11 желтоқсан N 1904. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.10.23. N 1582 қаулысымен. ~P001582

Авиациялық қызмет көрсету рыногының субъектілерін топтастыру және азаматтық авиация саласын дағдарыстан шығару жөнінде шаралар қабылдау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жарғылық капиталында мемлекеттің 100% қатысуымен "Эйр Қазақстан топ" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 10 000 000 (он миллион) теңге мөлшерінде қаражат бөлу;

"Атырау әуежайы", "Атырау әуе жолы", "АТМА - Атырау әуежайы және тасымалдаулар", "Ертіс-Авиа" авиакомпаниясы" ашық акционерлік қоғамдары мен "Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеттерін Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-ның жарғылық капиталына беру жолымен "Эйр Қазақстан" топ ЖАҚ жарғылық капиталын қалыптастырсын;

2) оның қызметінің негізгі нысанасы:

Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясының біртұтас технологиялық кешенін қалыптастыруға және оның тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

негізгі халықаралық бағыттарда тағайындалған отандық тасымалдаушы мен шетелдік авиакомпаниялардың арасында тең әріптестікті қамтамасыз етуге;

барлық ірі қалалардың қажетті қамтылуына, аймақтық және облысаралық бағыттарда тұрақтылықтың деңгейіне қол жеткізуге;

авиациялық техника паркін жаңғыртуға атсалысу болып табылатындығын көздей отырып, "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-ның жарғысын бекітсін.

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігіне заңдарда белгіленген тәртіппен "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-ның мемлекеттік акциялар пакетіне иелік ету және пайдалану құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) "Қазақэроавиация" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мүлкінің бір бөлігін "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-на жалға берсін;

2) "Астана халықаралық әуежайы" және "Қазақэроавиация" республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының, "Ақтөбе халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамы мен "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-ның қызметін міндетті түрде келісуді енгізу жолымен авиация саласының қызметін жедел басқаруды ұйымдастыруда бірыңғайлықты қамтамасыз етсін;

3) "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-мен бірлесіп үш ай мерзімде Азаматтық

авиация саласын дамытудың бағдарламасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін;

4) саланы дамытуға инвестициялар тарту мақсатында заңдарда белгіленген тәртіппен "Эйр Қазақстан топ" ЖАҚ-ын құруға қатысатын ашық акционерлік қоғамдардың жаңа акцияларын шығару және орналастыру туралы шешім қабылдануын қамтамасыз етсін.

5.

Ескерту. 5-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.10.23.

№ 1612 қаулысымен.

P001612\_

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі